

Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 2014 жылғы 20 мамырдағы № 241 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 маусымда № 4889 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2023 жылғы 2 тамыздағы № 31 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 02.08.2023 № 31 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Аманкелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс

сессия төрағасы

А. Ташимов

Аудандық

мәслихат хатшысы

Ә. Саматов

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Амангелді

ауданының Амангелді

ауылдық округінің әкімі

_____ М. Дихамбаев

Мәслихаттың
2014 жылғы 20 мамырдағы
№ 241 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Амангелді ауданының
Амангелді ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл
түрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Елді мекенниң атауы	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің ауыл түрғындары өкілдерінің саны
1	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің Амангелді ауылы	102
2	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің Есір ауылы	16
3	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің Кемер ауылы	3
4	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің Қоғалықөл ауылы	3
5	Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің Ақкісі ауылы	3

Мәслихаттың
2014 жылғы 20 мамырдағы
№ 241 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Амангелді ауданының
Амангелді ауылдық округінде бөлек
жергілікті қоғамдастық жиындарын
өткізуудің қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес өзірленді және Қостанай

облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округінің (бұдан әрі Амангелді ауылдық округі) аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Амангелді ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды

өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Амангелді ауылдық округінің әкімі шақырады (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі).

Амангелді ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Амангелді ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуі ауылдық округтің әкімі үйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Амангелді ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Амангелді ауылдық округі тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Аманкелді аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Амангелді ауылдық округі өкілдерінің саны тең өкілдік ету қагидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Амангелді ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК